

«Университеттің 2022-2023 оқу жылындағы қызметінің есебі және жаңа
2023-2024 оқу жылына қойылатын міндеттері туралы» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

28.09.2023 ж.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмысының есебіне «қаңағаттарлық» деп баға беріп, жаңа 2023-2024 оқу жылының міндеттерін талқылап, Ғылыми кеңес қаулы етеді:

2023-2024 оқу жылына қойылатын міндеттер:

Білім беру қызметі бойынша

- «Мамандығым – болашағым» жол картасы шеңберінде өңірлік жобалық офис тобы форсайт-зерттеулер негізінде Жетісу облысының кадрлар сұранысы картасын және Жаңа кәсіптер атласын әзірлесін (білім беру, ауыл шаруашылығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, туризм бағыттары бойынша) (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Өңірді сұранысқа ие кадрлармен қамтамасыз ету үшін 2 жаңа (Орыс тілі, Ағылшын тілі; Білім берудегі менеджмент) және 1 инновациялық ББ ашылсын (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- «30 жаңа педагогикалық бағдарлама» жобасы аясында магистратураның бір инновациялық бағдарламасын және педагогикалық қайта даярлау бағдарламасын (60 кредит) жүзеге асыруға дайындық жүргізілсін (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- ARQA аккредиттеу агенттігінде институционалдық аккредиттеу және 19 білім беру бағдарламасының аккредиттеуі жүргізілсін (жауаптылар – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Формалды емес білім беруді дамыту үшін Coursera платформасында күндізгі оқу нысанындағы 500 студент MOOC игеріп, сертификат алсын және қашықтан оқитын студенттер оқу жылы бойы 2 курс оқысын (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, үздіксіз білім беру институтының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Үш тілде білім беру бойынша бакалавриат 1-курсының 4 тобы ашылсын, 12 білім беру бағдарламасы қамтылып, білім алушылар контингенті 620 адамға дейін жеткізілсін (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, орындалу мерзімі – 01.11.2023 жылға дейін).

- «Күміс университет» тұжырымдамасын дамыту мақсатымен «Асыл қазына университеті» жобасы аясында 2 жаңа бағдарлама әзірленіп, тыңдаушылар саны 45 адамға дейін жеткізілсін; оқуға және жұмысқа

орналасуға мұқтаж адамдарға 2 курс ұйымдастырылсын; халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған 4 бағдарлама іске асырылсын (жауапты – біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Білім беру процесіне тартылған практик мамандар мен топ-менеджерлер саны 53 адамға дейін ұлғайтылсын, жұмыс орындары бар жеке кәсіпорындар ашқан түлектер саны 9 адамға жеткізілсін, ағылшын тілінде оқытатын оқытушылар саны 72 адамға дейін және шет тілін меңгеру жөніндегі халықаралық сертификаты бар оқытушылар үлесі 12%-ға дейін ұлғайтылсын, кемінде 44 шетелдік және Қазақстандық ғалымдар тартылсын (жауаптылар – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- 40 жаппай ашық онлайн-курс әзірленіп, оқу процесінде апробациялансын (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, үздіксіз білім беру институтының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Хаджеттепе университетімен (Түркия Республикасы) «Экология» – «Экологиялық инженерия» қос дипломды бағдарламасы ашылсын (жауаптылар – техникалық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Марке политехникалық университетімен (Италия) жасалған Меморандум негізінде «Агрономия» – «Ауыл шаруашылығы ғылымы» қос дипломды бағдарламасы іске асырылсын (жауаптылар – техникалық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Студенттерді IT-технологиялары саласында тереңдетіп оқыту үшін Huawei академиясы ашылсын (жауапты – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – 01.12.2023 жылға дейін).

Ғылыми қызмет бойынша

- Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым қоры, Дүниежүзілік банк конкурстарына, сондай-ақ өңірлік бағдарламаларды қаржыландырудың басқа да халықаралық және ұлттық конкурстарына қатысу (әр жоғары мектеп пен биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтынан кемінде 5 өтінім беру) (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметі нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландырудың «Jas ғалым» конкурсы және ғылыми-инновациялық бизнес-идеялар мен жобаларға бағытталған «Jetisý-Startup-2023» конкурсы өткізілсін

(жауаптылар – жоғары мектеп декандары, биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, имидждік саясат орталығының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Бекітілген жоспар бойынша ғылыми семинарлар өткізіліп, кеңес беру қызметтері көрсетілсін (жауапты – ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Жарияланымдардың сапалық деңгейін арттыру үшін Web of Science және Scopus базаларының ғылыми журналдарындағы ПОҚ, магистранттар мен докторанттар мақалаларының саны (75 мақалаға дейін) арттырылсын, соның ішінде JCR бойынша Q1, Q2 санатындағы журналдардағы мақала саны 5-ке, Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдардағы мақала саны 80-ге жеткізілсін (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Постдокторантура бағдарламасын жүзеге асыру (кемінде 3), «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өту (кемінде 8 адам), сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттары қызметкерлерін тарту (кемінде 4) арқылы ғылыми қызметкерлердің саны арттырылсын (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Стартап және «Jas galym» жобаларын қолдау және жүзеге асыру үшін прототиптеу және акселерация орталығы ашылсын (жауапты – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- «Жетісу» ғылыми-білім беру орталығын құру мақсатымен Академиялық артықшылық орталығы жобасы бойынша құжаттар пысықталып, Ғылым және жоғары білім министрлігіне тапсырылсын (жауапты – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

Жастар саясаты бойынша

- Волонтерлер үлесі 34%-ға, студенттердің әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысу үлесі 40%-ға, студенттік өзін-өзі басқаруға тартылған білім алушылар үлесі 17,5%-ға, университеттің шығармашылық ұжымдарына тартылған студенттердің үлесі 64%-ға жеткізілсін (жауапты – жастар саясаты жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Студенттік кәсіподақ ұйымы құрылсын (жауапты – жастар саясаты жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінен білім беру тәлімгерлерінің пулы қалыптастырылсын (жауапты – жастар орталығының басшысы,

орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- «Креативті индустрия» клубы, әлеуеті жоғары жас қызметкерлердің «HiPo» клубы, студент жастармен білім және тәжірибемен бөлісу үшін түрлі салалардың сарапшыларын тарта отырып, «Skyhero» тәлімгерлік клубы құрылсын (жауапты – жастар саясаты жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Университеттің демалыс базасында көктемгі жастар марафоны өткізіліп, жазғы спорт лагері құрылсын (жауаптылар – жастар орталығының басшысы, спортклуб төрағасы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

Қаржылық қызмет және инфрақұрылым бойынша

- Жалпы сметалық құны 667,340 млн. тг. болатын оқу-зертханалық корпусы, жалпы құны 78,4 млн. тг. болатын 5-ші буын технологиясы бойынша автоматтандырылған жылыжай, «Академиялық артықшылық орталықтары» жобасы шеңберінде «Жетісу» ғылыми-білім беру орталығын құру үшін жалпы сметалық құны 166,717 млн. тг. болатын зертханалық корпус салынсын (жауапты – қаржы мәселелері жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Университет зертханалары заманауи жабдықтармен қамсыздандырылсын (жауаптылар – жоғары мектеп декандары, мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Университет бойынша орташа жалақы 241 900 теңгеге дейін, ПОҚ-тың орташа жалақысы 300 000 теңгеге дейін көтерілсін (жауапты – қаржы мәселелері жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Smart Zhetysu платформасы дамытылып, процестерді цифрландыру және автоматтандыру арқылы университеттің цифрлық экожүйесі кеңейтілсін (жауапты – қаржы мәселелері жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту үшін тең жағдай жасалып, кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылсын, оларды оқытуға арналған бағдарламалық жасақтамалар мен жабдықтар сатып алынсын (жауапты – қаржы мәселелері жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

Университеттің басқару жүйелерін дамыту бойынша

- Жүйелі түрде әлеуметтік желілер мен БАҚ мониторингі жүргізілсін, университет басшылығының білім алушылармен, ата-аналармен, қызметкерлермен және жұртшылықпен кері байланысы күшейтілсін (жауапты – жастар саясаты жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- Университеттің стратегиялық және операциялық міндеттерін іске асыру негізіне қатер менеджменті енгізілсін (жауапты – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- ESG халықаралық стандарттарына негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамыту үшін Сапаны қамтамасыз ету комитеттерінің жұмысы күшейтілсін және білім алушылардың, ПОҚ-тың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі 85,5%-ға дейін арттырылсын (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- «Ашық академиялық мәдениетке» жағдай жасалып, HR-менеджмент пен талант-менеджмент күшейтілсін, кадр резерві және топ-менеджментті даярлау жүйесі құрылсын (жауапты – персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- ПОҚ-тын оқытатын пәндер бойынша біліктілігін арттырудан өтуі қамтамасыз етілсін, инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттырудан өткен оқытушылар саны 50 адамға дейін арттырылсын (жауапты – персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

- білім беру қызметтерінің отандық нарығында университеттің имиджі арттырылсын (жауапты – имидждік саясат орталығының директоры, орындалу мерзімі – оқу жылы бойы).

Ғылыми Кеңес қаулысының орындалуын қадағалау өзіме жүктеледі.

Ғылыми Кеңес төрағасы



Қ.М. Баймырзаев